

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды қаласының әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 08/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 ақпанда № 5700 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 9 наурыздағы № 17/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 09.03.2021 № 17/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.
2. Қарағанды қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 24/06 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5345 болып тіркелген, электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 24 мамырда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Н.Т. Бикеновқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды қаласының әкімі

Н. Аубакиров

Қарағанды қаласының әкімі
2020 жылғы 5 ақпаны
№ 08/01
қаулысына қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардағы ата-ананың бір айлық төлемақы мөлшері (тенге)				Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (тенге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік		жеке меншік		мемлекеттік	жеке меншік
				3 жасқа дейін	3 жастан 7 жасқа дейін	3 жасқа дейін	3 жастан 7 жасқа дейін		
1.	Балабақша, бөбекжай, мектепке дейінгі шағын орталық (қалыпты топ)	12 839	7 359	1 3 000	14 000	1 3 000	14 000	29 300	29 300
2.	Балабақша, бөбекжай, мектепке дейінгі шағын орталық (түзету тобы)	850	80	0	0	0	0	66 000	66 000